



# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕСІН ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Керімбек Ғалымжан Есқараұлы

экономика ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор

Алматы 2024

Цифрлы экономика – бұл  
сандық көрсеткішпен  
ақпараттық-  
коммуникациялық  
технологияны пайдалану  
үшін негізделген әлеуметтік-  
экономикалық, саяси-мәдени  
қатынастардың жүйесі  
болып табылады



## Экономиканы цифландырудың қажеттіліктері

01



өндірістің құрамында және жалпы экономикалық қоғамда сапалы өзгерістерді қамтитын болуы мүмкін тәуекелдер пайда болады, өндіріс шығындарын азайтуда қолайлы іс-шаралардың қабылдануын талап етеді;

цифрландырудың мүмкіндікпен азайтудың жалпы тетіктерін ұсынып отыр

үдерістері

үдемелі

негізделген

тәуекелдерді

02



03



жаңа жұмыс орнын құрудың және сандық технологияны қолдану үшін нақты әлеуметтік мінез-құлықтың негізгі нормасын қалыптастырады

Дүниежүзілік экономикада  
цифрлық технологияның кеңінен  
өріс алуының негізгі себебі  
әлеуметтік дамудың  
қарқындылығымен байланысты.  
Мәселен, АҚШ, Жапония,  
Франция, Германия, Италия,  
Ұлыбритания елінде мемлекеттік  
базалық ақпаратты-коммуникация  
инфрақұрылымынан бастап,  
экономиканың барлық цифрлық  
технология әдістемесін толық  
енгізу қолдау тапқан



Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» тақырыбындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Бірақ бүкіл ел болып кіріссек, бұл – қолдан келетін шаруа. Халық, бизнес және билік өкілдері бар күш-жігерін жұмылдыруы керек. Сонда ғана мемлекетіміздің қазіргі даму үлгісін түбегейлі өзгерте аламыз, кедергінің бәрін жеңеміз», - деп атап өткен.

Жаңаша өзгеріс ретінде тәжірибелік сабақтарды кәсіби мамандар өткізсе, білім алушыларға неғұрлым қызықты болары сөзсіз. Мысалы, білім алушы өз таңдау пәні бойынша сабақтардан теориялық оқуды универ қабырғасында профессормен талқыласа, тәжірибелік сабақты сәйкесінше банк, сақтандыру ұйымы, салық мекемесі немесе компаниядан арнайы келген маманмен өткізсе сабақтар анағұрлым түсіністі және білім алушылар үшін қызықты, тартысты болар еді. Осындай жаңартулар арқылы білім алушы универ қабырғасында жүріп ақ өз саласымен тереңірірек танысып, теориялық оқуын сол сәтте-ақ тәжірибе жүзінде сынап көруге мүмкіндік алар еді.



# БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР



Семинара сабағында «**Kahoot.it**»,  
«**Wordwall.net**», «**Learningapps.org**»,  
«**Quizizz.com**» сайтымен жұмыс жасап,  
сабаққа байланысты өтілетін: «Бинго», «Kahoot», «Тест», «Аукцион»,  
«Анаграмма» (wordwall сайт), «Жасырын сөзді тап» «Шардағы  
сұрақтар», «Сәйкестендіру», Кейс, «Хроника», «Мозаика» ойыны  
бойынша сабақты қызықты және білім алушының алғырлығы мен  
тапқырлығын, логикалық жедел ойлау мен шешім қабылдау үдерісін  
арттырады.



Кеңінен таралған Канва бизнес үлгісіне сәйкес басты ресурстың бірі – командамен жұмыс істеу болып табылады. Негізгі әріптестер – оқытушы мен білім беру мекемесінің қызметкерлері. Көптеген тақырып бойынша білім беру бағдарламасы мен ойынды қамтыған, өзінің досымен бірге оқуға мүмкіндікті қамтамасыз ететін платформалық жүйе болып табылады.




# КАНВА БИЗНЕС-МОДЕЛІ

## Басты құндылықтар




Әр түрлі тақырыптарға арналған білім беру бағдарламасы мен ойындарды қамтитын, достармен оқуға мүмкіндік беретін платформа, ойын механиктері мен пайдаланушының ойын-сауықтары

## Тұтынушылардың сараланымы



Білім алушылар, жастар, өз қызметкерлерін оқытуға мүдделі компаниялар

## Өзара іс-қимыл арналары



Онлайн-платформалар, әлеуметтік желілер, мобильді қосымшалар



Зерттеу оқу орны болғандықтан, келесі бағыттарға баса назар аударуды ұсынамын: оқытушылардың кәсіби біліктілігін көтеру (отандық компанияларда кемінде жылына 1 рет, ал шетелдік компаниялар мен ЖОО-да 3-5 жылда 1 рет); дәрістің тәжірибелік бөлімін өндіріс орындарында өткізуді қолға алу; білім беру бағдарламасына тәжірибелі мамандарды, оның ішінде бизнес тренерлерді жиі шақыру; дәрісте заманауи технологияны кеңінен қолдану.



# Менің ұсыныстарым



1. Халықаралық және ұлттық компаниялармен ынтымақтастықты арттыру;
2. Жетекші ЖОО-да «Салықтық менеджмент» Білім беру бағдарламасын енгізу;
3. Заңтану және құқық ісі мамандарымен бірлесе отырып, «Салық құқығы» Білім беру бағдарламасын әзірлеу және қолданысқа енгізу;
4. 3 курс білім алушыларына бастап, толық ауызша және жазбаша емтихан нысандарын енгізу.



# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

